

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ  
«ҚЫЗЫЛОРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ



# СТУДЕНТТІҢ АНЫҚТАМАЛЫҚ- ЖОЛСІЛТЕМЕСІ

(Анықтамалық-путеводитель)

*Мамандығы: 09130100 – «Мейіргер ісі»*

*Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісі қолданбалы  
бакалавры»*

---

---

Қызылорда қаласы  
2026 жыл

## КІРІСПЕ

**Құрметті бірінші курс студенті!** Сені Қызылорда өңіріндегі медицина мамандарын даярлайтын іргелі оқу орындарының бірі — Қызылорда медициналық жоғары колледжіне оқуға түсуіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Сенің таңдаған мамандығың — 09130100 «Мейіргер ісі» мамандығы 5AB09130101 «Қолданбалы бакалавр» біліктілігі — қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесінің ең маңызды, инновациялық және сұранысқа ие бағыттарының бірі болып табылады.

Бұл анықтамалық-жолсілтеме сенің оқу үдерісінді тиімді ұйымдастыруға, колледж қабырғасындағы ішкі тәртіп ережелерімен танысуға, академиялық саясатты түсінуге және студенттік өміріңді қызықты өткізуге көмектесу үшін арнайы әзірленген. Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, оқу кезеңінде өзіңнің басты бағдаршамың ретінде пайдалануыңды ұсынамыз.

*Қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламасының миссиясы – сапалы әрі қауіпсіз медициналық көмек көрсетуге, заманауи технологиялар мен дәлелді медицина принциптерін қолдануға, денсаулық сақтау жүйесінде тиімді жұмыс істеуге, кәсіби этиканы сақтауға қабілетті және үздіксіз кәсіби даму мен өмір бойы білім алуға дайын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті және практикаға бағытталған медбикелік іс мамандарын даярлау.*

## КОЛЛЕДЖДІҢ БАЙЛАНЫС МӘЛІМЕТТЕРІ МЕН БАСШЫЛЫҒЫ

Колледж әкімшілігімен байланысу және оқу ғимараттарын табу үшін қажетті негізгі ақпараттар:

**Заңды мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Ыбырай Жақаев көшесі, 80/2 ғимарат.

**Ресми веб-сайт:** [kzmedicalcollege.kz](http://kzmedicalcollege.kz)

**Байланыс телефоны:** +7 (7242) 23-05-13

**Колледж директоры:** Калмакова Жанар Амангельдиевна

**«Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавриат» бөлімінің меңгерушісі:** Кемелбаева Гулаим Сапарбековна  
№ 2 оқу ғимараты, 309 кабинет

# 1-БӨЛІМ: ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

## 1.1. КРЕДИТТІК-МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Қолданбалы бакалавриат бағдарламасында білім беру **кредиттік-модульдік жүйе** негізінде жүзеге асырылады. Мұндағы басты мақсат — студенттің өзіндік жұмысына, практикалық дағдыларды клиникалық базаларда өз бетінше меңгеруіне басымдық беру.

- **Академиялық кредит (ECTS):** Студенттің оқу еңбегін өлшеудің үйлестірілген бірлігі. Бір кредит студенттің дәрістік, практикалық және өзіндік жұмыстарын қосқандағы 24 академиялық сағаттық жүктемесіне тең.
- **Модуль:** Бірнеше өзара байланысты пәндерді немесе оқу курстарын біріктіретін, аяқталған кәсіби біліктілік нәтижесін беретін дербес білім беру блогы.

## 1.2. СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Студенттердің үлгерімі 100 балдық халықаралық әріптік-цифрлық жүйе бойынша бағаланады. Бағалау ағымдағы, аралық (рейтинг) және қорытынды (емтихан) бақылаудан тұрады.

ӘРІПТІК БАҒА	ЦИФРЛЫҚ БАЛАМАСЫ	БАЛЛ ПАЙЫЗДЫҚ КӨРСЕТКІШІ	ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕДЕГІ БАҒАСЫ
A, A-	4.0, 3.67	90 – 100	Өте жақсы (Excellent)
B+, B, B-	3.33, 3.0, 2.67	70 – 89	Жақсы (Good)
C+, C, C-, D+, D	2.33, 2.0, 1.67, 1.33, 1.0	50 – 69	Қанағаттанарлық (Satisfactory)
FX	0.5	25 – 49	Қанағаттанарлықсыз (Қайта тапсыруға болады)
F	0	0 – 24	Қанағаттанарлықсыз (Курсты қайта оқу)

## 1.3. GPA (GRADE POINT AVERAGE) — ҮЛГЕРІМНІҢ ОРТАША БАЛЫ

**GPA** — студенттің таңдалған бағдарлама бойынша ағымдағы оқу кезеңіндегі қол жеткізген үлгерім деңгейінің орташа өлшемді бағасы. Ол төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$GPA = \frac{\sum (\text{Кредит} \times \text{Цифрлық Баға})}{\sum \text{Кредит}}$$



# БӨЛІМ: МЕЙІРГЕР ІСІ ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВР МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

## 1.4. ПРАКТИКАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ (ДУАЛЬДІ ЖҮЙЕ ЭЛЕМЕНТТЕРІ)

Бағдарламаның басты ерекшелігі — оқу уақытының 60-70%-ы клиникалық өндірістік базаларда, емханалар мен ауруханаларда тікелей пациенттермен жұмыс істеуге бағытталған. Колледж Қызылорда қаласының ең ірі медициналық ұйымдарымен тығыз серіктестікте жұмыс істейді.

### Негізгі клиникалық базалар:

#### Облыстық көпбейінді ауруханасы



#### Қалалық көпбейінді ауруханасы



#### Облыстық балалар ауруханасы



#### Қалалық емханалар (№1, №3, №6 емханалар).



**Маңызды талап:** Клиникалық базаларға (ауруханаларға) шығар алдында әрбір студент медициналық тексеруден (санитарлық кітапша) толық өтуі және арнайы медициналық форма ережелерін қатаң сақтауы міндетті!



## 1.5. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Қызылорда медициналық жоғары колледжі студенттердің халықаралық деңгейде тәжірибе алмасуына үлкен мүмкіндіктер береді. Колледж Латвияның Рига медициналық колледжімен (Riga Medical College) және Түркияның Стамбул қаласындағы «Medicana» клиникалар желісімен жасалған меморандумдар аясында академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асырады. Үздік және шет тілін меңгерген студенттер шетелдік клиникаларда модульдік оқудан өту мүмкіндігіне ие.

## 1.6. СТУДЕНТТІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ (СҒЗЖ)

Қолданбалы бакалавриат студенттері оқу барысында дәлелді мейіргерлік практика (evidence-based nursing) негіздерін зерттей отырып, ғылыми жобалармен, курстық жұмыстармен айналысады. Жыл бойы білім алушылар халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі конференцияларға өз жұмыстарын ұсынады.

## 2-БӨЛІМ: АКАДЕМИЯЛЫҚ ӘДЕП ЖӘНЕ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

### 2.1. СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Колледж студенттері келесі құқықтарға ие:

- Мемлекеттік білім беру стандарттарына сай сапалы білім алуға;
- Колледж кітапханасын, оқу залдары мен симуляциялық орталықтарды тегін пайдалануға;
- Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына, ғылыми, спорттық және шығармашылық үйірмелерге қатысуға;
- Оқу бағдарламалары мен академиялық саясат туралы толық ақпарат алуға.

### 2.2. СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

Студенттер келесі ережелерді орындауға міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, колледж Жарғысын және Ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- Оқу кестесіне сәйкес сабақтарға дер кезінде қатысу. Сабақтарды дәлелсіз себептермен босатпау;
- Колледж мүлкіне ұқыпты қарау (жиһаздар, медициналық муляждар мен симуляторлар);
- Колледжде және клиникалық базаларда белгіленген киім үлгісін сақтау.

*Медициналық киім үлгісіне қойылатын талаптар: Таза, үтіктелген медициналық халат немесе хирургиялық костюм, медициналық қалпақ (шаш толық жиналуы керек), ауыстыратын таза аяқ киім (басы жабық), бетперде.*

### 2.3. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ

Колледжде академиялық адалдық қатаң сақталады. Плагиат (біреудің еңбегін көшіру), емтихандар мен ағымдағы бақылауларда шпаргалка, ұялы телефондар пайдалану, сондай-ақ тапсырмаларды басқа адамға орындату — академиялық адалдықты бұзу болып есептеледі. Мұндай жағдай анықталғанда студентке «0» (F) бағасы қойылып, Тәртіптік кеңеске жолданады.

## 3-БӨЛІМ: СТУДЕНТТІК ӨМІР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

### 3.1. СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ

Колледжде Студенттік Парламент және Жастар ісі жөніндегі комитет белсенді жұмыс істейді. Студенттік Парламент колледж басшылығы мен студенттер арасындағы алтын көпір іспеттес. Мұнда әрбір студент өзінің көшбасшылық қасиеттерін (autocratic, democratic немесе transformational leadership стилдерін қолдана отырып) дамыта алады.

### 3.2. ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ ЖӘНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕУ

Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры — бұл тек қана дәрігердің нұсқауын орындаушы емес, ол — дербес шешім қабылдай алатын, мейіргерлік диагноз қоя алатын, зерттеулер жүргізетін және денсаулық сақтау саласын басқаратын жаңа буын маманы. Саған осынау жауапты да ардақты жолда қажымас қайрат, терең білім және шығармашылық табыстар тілейміз!